Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатан) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**11 - 16 қазан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ**

Апталық жоспарға сәйкес 11-16 қазан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қыска мерзімді жоспарларын тексеріліп, ұсынымдар бойынша түзету жұмыстарын жалғастыру сұралды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді. Келесі мұғалімдерден Kundelik.kz электронды журналын уақытылы толтыру сұралды: Сағатай А.А, Аманболдин Б.Ж., Курманалина А.С., Шайхан А.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды 7 Б сыныбының сынып жетекшісі Б.Аманболдинге оқушылардың сабакка катысуы бойынша күнделікті есепті уақытылы тапсыру ескертілді.

4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2021 жылдың 11қазанында жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» облыстық интеллектуалдық конкурсына тарих пән мұғалімі С.А.Алпыспаеваның оқушылары Кажмуканова Фариза, 10 В сыныбы, «Менің кішкентай Отанымның болашағы» номинациясы бойынша I орынға иеленіп, республикалық конкурсқа қатысуға жолдама алды және Адилбеккызы Аружан 10 В сыныбы, «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша II орын иегері атанды. Тарих пән мұғалімі Ж.Әдейдің 10 А сыныбының оқушылары Қайрат Жансая, номинация «Менің туған өлкем», Жылкыбай Айсара, номинация «Кішкентай Отанымның символы» III жүлделі орындарға ие болды.

5. Абай мектептері желісі бойынша оқитын сыныптарда казақ тілі, казақ әдебиеті мен Абайтану пәндері бойынша оқу процесі бақыланды. Пән мұғалімдерімен сабақтан кейін рефлексия жүргізіліп, сабаққа қатысты кері байланыс берілді. Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылды.

6. 9-10 сыныптарда мектепішілік бақылау жұмыстары сыныптарда мектепішілік бақылау жұмыстары алынып, бақылау қорытындылары бойынша пән

мұғалімдеріне оқушылармен қатемен жұмыс жүргізу, өткен тақырыптарды қайталау ұсынылды. Төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер мектепішілік бақылауға алынды.

7. Оқушы дәптерінің жалпы жағдайын, сынып және үй жұмысы нормасының орындалуын, мұғалімнің дәптер тексеруге қойылатын бірыңғай талаптарды орындауы мен дәптермен жұмыс істеу қызметін бақылау мақсатында 7-11-сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша жұмыс дәптерлері тексерілді. Пән мұғалімдеріне бірыңғай орфографиялық, каллиграфиялық режимнің қатаң сақталуын қадағалау, дәптерлерді жүйелі түрде пән бойынша тексеру жиілігін ескере отырып тексеру, кері байланыс беру, штрих, маркер, қарындашпен жазуға мүлдем тыйым салу сынды ұсыныстар жасалды.

8. «Ясауитану» Республикалық байқауына тарих пәнінің мұғалімі Әдей Жайнагүл 11 Б сыныбының оқушысы Айдын Лашынмен байқаудың Республикалық кезеңіне Түркістан қаласында қатысты.

9. «Ақберен» облыстық өнер байқауында 8 А сыныбының оқушысы Әбдірайым Әлайдар «Ақындар айтысы» номинациясы бойынша жүлделі II орын, 10 А сыныбының оқушысы Хойшыбай Назым «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша жүлделі III орын, 11 Б сыныбының оқушысы Сулейменова Гульшекер «Эссе жазу» номинациясы бойынша жүлделі II орынды иеленді. Пән мұғалімдері Муратов М.Б., Онгарбай Ж., Ахат А.Д. «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша 9 А сыныбының оқушысы Манапов Қымбат, «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы бойынша 9 Б сыныбының оқушысы Елеусіз Балнұр, «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 9 Б сыныбының оқушысы Смағұлов Бекзат өкінішке орай жүлдері орындар қатарына енбеді. Пән мұғалімдері Ахат А.Д., Даулеткалиева Т.Б., Жәдігерұлы Ж.

10. Республикалық Президенттік олимпиаданың іріктеу кезеңіне дайындық жұмыстары бойынша қатысушы оқушылармен пән мұғалімдері жоспарлы түрде жұмыстарын жалғастырды.

11. Элективті, таңдау пәні бойынша, жеке/топтық курстардың тиімді оқытылуы бейінді оқыту орынбасары С.Кусаинова тарапынан қадағаланып, бақылауға алынды.

12. 11 сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша Daryn Online платформасында сынама-тестін тапсырды. Тест нәтижесі бойынша салыстырмалы талдау жасалып, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне ұсынылды.

13. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы бойынша пән мұғалімдері оқушыларға қосымша оқу материалдарын ұсынып, тапсырмалар берді. Дайындық жұмыстары жалғастырылып, оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова мен бейінді оқыту орынбасары С.Кусаинова тарапынан қадағаланып, бақылауға алынды.